

Қ.МӘМБЕТОВ

ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАҒАРМАНДЫҚ ДАСТАҢДАР –  
БАБАЛАР ДӘУІРІНЕН ЖЕТКЕН ІНЖУ-МАРЖАНДАРЫМЫЗ

*Автор в статье сопоставляя достоверную древнюю историю тюрков и эпосы написанные на камнях говорит, что произведения Тонькок и Культегин не просто летопись-родословная, а героические произведения написанные поэтической традицией. И отмечает, что есть много источников указывающих на то, что древнетюркские литературные памятники являются общим богатством современных тюркских народов.*

*Bu makalede, eski Türklerin gerçek tarihi ile taşlara oyularak yazılan destanlar karşılaştırılarak Külügün ve Tonyukuk anıt taşlarının vakayiname değil, şiir niteliğinde yazılan kahramanlık destanları olduğu ve bunların Türk Halklarına ait ortak miraslardan sayıldığına kanıtlayan birçok kaynaklara rastlandığı yazar tarafından kaleme alınmaktadır.*

Түрік халықтарының көне дәуірден бүгінге дейін дәстүрлі жалғастық тауыш, дамыш келе жатқан қаһармандық дастандарының болғанын жазба тарих ескерткіштері айғақтайды. Қазақ әдебиетінің қайнар бастаулары Түрік қағанаты (VIII ғасыр) тұсында өмірге келген «Күлтегін» және «Тонькөк» жырларында жатыр.

Ата-бабамыздан жеткен ұлы сарын – асқақ ерлік жырлары қаншама дәуірлерді көктей өтіп, рухымызды жаныш, намысымызды қайрап, ұрпақтың асыл қазынасына, қымбат мұрасына айналды. Академик Ә. Марғұлан сөзімен айтсақ: «Оны ең алғаш келістіре шығарған елдер ерлік дәуірін бастан кешірген қазақтың байтақ сахарасына қоныстанған сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар, олардың соңын ала қарыштаған ұрпақтары – оғыздар, қыпшақтар, қарлұқтар (қызылықтар), наймандар, керейлер, хазарлар» [1, 3], - дейді. Шынында да елдігіміздің, ерлігіміздің көркем шежіресіне үңілгенімізде, ежелгі дәуірімізден жеткен қаһармандық дастандарға ерекше назар аударамыз.

Жалпы қазақ әдебиетінің тарихын жетік білу үшін екі нәрсеге көңіл аударған абзал. Біріншіден, адамзат қоғамының жалпы даму заңдылықтарын, әсіресе қазақ халқының қалыптасып, дамуына ықпал ететін қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге көңіл бөлу, екіншіден, көркем әдебиеттің кемелдену сатыларын, әдеби жанрлар мен әдеби тілдердің даму кезеңдерін, әдеби ағымдардың пайда болу себептерін танып-білу керек.

Осыған орай, түрколог-ғалымдар бүкіл түркі тілдес халықтардың сан ғасырлық әдебиет тарихын негізінен үш кезеңге бөліп қарастырады. Бұл кезеңдерді белгілі ғалым Н.Келімбетов былайша жіктейді: «Бірінші кезең – тәңірлік дәуір әдебиеті, ал екінші ислам дәуірі әдебиеті болып табылады. Тәңірлік дәуір әдебиетінің өзін үш дәуірге бөліп қарастырған: «Біріншісі – ежелгі түркілердің ата-тегі саналатын сақтардың (б.з.б. I ғ. – III ғғ.) қаһармандық дастандары, олар – «Алып Ер Тоңға» дастаны, «Шу» дастаны. Екіншісі – бізге ғұндар дәуірінен (б.з.б. II ғ. – б.з. V ғ. аралығы) жеткен

батырлық жырлары. Ғұндардың батырлық жырларына «Оғыз қаған», «Аттила», «Көк бөрі» және «Ергенекон» дастандары жатады. Үшіншісі – Түрік қағанаты (VIII ғ.) тұсында өмірге келген «Күлтегін», «Тонькөк», «Білге қаған» сияқты ерлік жырлары.

Қыпшақ даласына ислам діні тарағаннан кейінгі дәуір әдебиетінен бізге жеткен рухани мұраларды да үш топқа бөліп қарастырған: «Біріншісі – Қайта өрлеу дәуірі (X-XIII ғғ.) немесе ислам дәуірі әдебиеті. Оған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» т.б. енеді. Екіншісі – Алтын Орда дәуірі (XII-XV ғғ.) әдебиеті. Бұған көне түркі әдеби тілінің оғыз-қыпшақ варианттарында өмірге келген туындылар енеді. Үшіншісі – тарихи тақырыпқа жазылған көркем шежірелер. Бұған Бабырдың «Бабырнамесін», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-и-Рашиди» атты еңбектерін жатқызуға болады.

Сайып келгенде, ежелгі түркі әдеби жәдігерліктерін, жоғарыда атап көрсеткендей, даму кезеңдеріне бөліп қарастырудың өзі көне дәуір мұраларын көркемдік дәстүр жалғастығы контекстінде танып-білуге мүмкіндік береді» [2, 8], - деп жазды ғалым Н. Келімбетов.

Бұл ғылыми пікір, біріншіден, руникалық жазбаларда жатқан қазақ көркем сөз өнерінің қайнар-бастауларын жоққа пығармайды. Екіншіден, ғасырлар тереңіне бойлап, сақтар мен ғұндар дәуірінен сыздықтап жеткен сәулелерден әдебиетіміздің нұрлы ағыстарын табуға жетелейді. Үлкен де арналы өзендер теңізге яки мұхитқа мол суын әкеп құю үшін жол бойы мыңдаған мөлдір тұмалар мен бұлақтардан, қар суы мен жаңбыр суынан т.б. қуат алып отырады емес пе?! Ауыз әдебиетіне аса бай ұлттық әдебиетіміздің тек-тамырларын іздегенде, ендеше, жыл санаудағы біздің дәуірімізбен шектеліп қалмай, тым әріге, сағымды сайын даланың төсіне елдегі салтанат құрған бабаларымыздан жеткен жәдігер жырлардың ең көнесіне, ең ежелгісіне ой көзімен үңілгеннің, салыстыра салмақтағанның бағасы жоғары болмақ.

Түрік халықтарының ерлігін, батырлығын дәріштеген жыраулар, ақыл-парасаты мол ақындар халықтың рухани қазыналарын сақтаушы болған. Ердің ерліктерін қаһармандықтарын кейінгі ұрпағына қалдырып отырған.

Түркі әлемінің батырлық эпостары қазіргі түркі тектес халықтардың мәдени мұрасы, асыл қазыналары. Сонау есте жоқ ежелгі замандардан бері бауырлас түркі халықтарының асыл қазынасы болып табылатын батырлық дастандар олардың даму тарихындағы небір қиын-қыстау, тар жол, тайғақ кешу, жауға қарсы қаһармандық көрсету кезеңдерінде халықпен бірге жасасып, сақталуда. Түркі әлемінің мұрагер ұрпақтары бір-бірінен, өздерінің ерік-жігерінен қол үзіп қалған тар замандардың өзінде де, ерлік жырлары түркі халықтарының басын біріктіруге қызмет етті.

### Қ.Мәмбетов. Түрік қағанаты дәуіріндегі қаһармандық дастандар...

Түркі жазба жәдігерліктері (VIII-IX ғасырлар) туралы сөз қозғағанда, сақтар мен ғұндардан кейін тарих сахнасына шығып, бүкіл дүниені дүр сілкіндірген халық ежелгі түркілер болды.

Көне түркі жазба жәдігерліктері тасқа қашап жазылған «Күлтегің» және «Тонькөк» жырлары түркі халықтарының ерте дәуірден бүгінге дейінгі көркем әдебиеттегі қаһармандық дастандар деп аталатын бір саласының болғандығын жазба тарихи ескерткіштері де айғақтайды.

Қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әли «Күлтегің» ескерткішінің әдеби нұсқасын жасаған жыр жолдарында:

...Естеи мен Бумынның  
Адамзаттан бағы асқан.  
Төрт бұрышы дүниенің  
Соларменен санасқан.  
Бүкіл түркі әлемі  
Екеуіне қарасқан...[3, 69-70], –

деп ақын түркі әлеміндегі дүниенің төрт бұрышын өздеріне қаратқан қаһарман батырлардың ерліктерін жырлап, ұлы рухты жеткізеді

Белгілі түрколог ғалым М.Жолдасбеков: «Орхон жырларының негізіне түркі руларын біріктіру, нығайту, сыртқы жаулардан қорғау идеясы алынған» [4, 70], - дейді.

Түркі руларының басын біріктіру, іргетасын бүтіндеу, сыртқы жаулардан қорғану идеясы – азаттық идеясының байрағын көтеру деген сөз. Түркі тайпалары азаттық армандап, сонау біздің заманымыздың VI ғасырларында-ақ бас біріктіріп, алып Түркі қағанатын құрғаны тарихтан белгілі.

Белгілі шығыстанушы ғалым Л.Н.Гумилевтің сөзімен тиянақтай түссек: «Түркі мемлекеттерінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды. Түркілердің қоғамдық өмірі мен әлеуметтік институттарының күрделі түрлері қайран қалдырады: елдегі меншіктің сатылық жүйесі, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік дәстүрлері, сонымен қатар көрші отырған елдердің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын мұқият әзірленген дүниетанымының болғандығы таң қалдырады» [5, 4-5], - деп жазды.

Ұлы түркі қағанатының шынайы шежіресі, таңғажайып тарихы бұдан он үш ғасыр бұрын қағазға емес, құлыптастарға қашалып жазылған. Бұл дастандар бүкіл түркі елін егемендік пен азаттыққа, ерлік пен бірлікке үндейтін әрбір әрші мәңгі өшпейтіндей етіліп, сан қилы оқиғаларды бүгінгі күнге ешбір өзгеріссіз, айна-қатесіз күйінде жеткізіп отыр.

Ұлы Түрік қағанатын ешбір жау әскер күшімен жеңе алмағаны тарихта жақсы жазылған. Ел қорғаған қаһармандардың ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгілі етуден, өнеге тұтудан туған батырлық жырдың бірі –

«Күлтегін» жыры. Түркі халықтары әдебиетінің дәстүрлік негізін қалыптастырып, дамуы барысында «Күлтегін» жырының өзіндік ерекшелігі зор.

Бұл батырлық дастанды жазған Түрік қағанатының қабырғалы бектерінің бірі, өз дәуірінің кемеңгер ойшылы, шепендік сөздің жүйрігі ұлы ақын Иоллығ тегін еді.

Ақын «Күлтегін» жырында:

Төрт бұрышты халықты  
Көп алған, бәрін бейбіт еткен.  
Бастыны еңкейткен,  
Тізеліні бүктірген  
Білген қағандар екен,  
Алып қағандар екен [6, 44], –

деп ақын қағандардың ерлігін, батырлығын дәріштейді.

«Күлтегін» жырында иісі түріктің басын қосып, қуатты мемлекет орнатқан батыр қолбасшы, қаһарман Бумын мен Істемі қағандардың елге жасаған игі істерін жырлайды:

Адам баласы үстіне ата-тегім  
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.  
Отырып, түркі халқының  
Ел-жұртын қалыптастырған,  
Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,  
Сарбаздармен аттанып,  
Төрт бұрыштағы халықты  
Көп алған, бәрін бейбіт еткен, иелік еткен [6, 44], -

«Күлтегін» жыры – түркі елінің даңқты әскери қолбасшысы Күлтегінің ерлік істеріне арналып жазылған көркем туынды. Жырдың басты идеясы – Күлтегін батырды Түркі қағанатының батыры етіп көрсету.

Күлтегін өзінің қамын ойламады. Елі үшін мұз төсеніп, қар жамылды. Ақылды да алғыр еді. Ағайынға бауырмал, дұшпанына қатал, қалың жұртына қамқор болды.

Күлтегінің ес білгендегі естігені әскердің айқайы, көзінің көргені шепесінің беліндегі көк сүңгі болды. Сол сүңгіні анасының омырауымен қоса ұстап, сол көк семсерді қолынан түсірмей өмірден өтті. Көптің соңынан қуған жазалау әскерінен қаша жүріп, аттың жалын уыстап өсті. Содан көз жұмғанша аттан түспеді. Сәби кезінде ер-тоқым оның бесігі, жауынгер кезінде ер-тоқым оның отырар тағы болды. Оның ойыны да, өмірі де соғыс өнерін үйренумен өтті. Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегінің қанына ана сүтімен сіңді. «Әке көрген оқ жонар»

## Қ.Мәмбетов. Түрік қағанаты дәуіріндегі қаһармандық дастандар...

дегендей, Күлтегін де, ағасы Білге де әке арманы үшін күресті. Сондықтан алғыр, ширақ, өжет Күлтегін тез ширап, бұғанасы қатпай жатып, қабырғасын қайыстырып тұрып садақ тартты, найзаласты. Күлтегін он жасында ер атанды. Бұл жырда былай берілген:

Әкем қаған өлгенде,  
Інім Күлтегін жеті жаста қалды,  
Он жаста Умай текті шешем қатынның бағына  
Інім Күлтегін ер атағын алды [7, 39].

Күлтегіннің аты аңызға айналды. Қаһарына ұшырағандардың құты қашты. Ол ешқашан да таққа мұрагерлікке ұмтылмады. Өзін жорықта сынап, қанағаттың қамын ойлады. Он алты жасында айбынды әскербасы боп, күндей күркіреп, найзағайдай жарқылдап шыға келеді. Білге қаған: «Он алты жасқа келгенде ағам қағанның ел-жұртын сонша молайтты. Алты чуб, соғдаларға қарсы аттандық. Талқандадық. Табғаш, он тұтықтың бес мың әскері келді. Соғыстық. Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды. Он тұтықты қарулы басшыларымен қолға түсірді. Қарулыларды қағанға еншіледі. Ол әскерді сонда талқандадық» [8, 127], - дейді.

Көркемдік дәрежесі өте жоғары «Күлтегін» жырындай шешендік сөздері мол, көріктеу құралдары айшықты болған шығарма, әрине, ғайыптан, өзінен-өзі өмірге келуі мүмкін емес. Демек, бұл дастанды жазған Иоллығтегін өзінен бұрынғы түркі поэзиясын жақсы меңгерген ақын. Ол сақтар мен ғұндар, дәуірінің «Алып Ер тоңға», «Оғыз қаған», «Аттила», «Шу», «Көк бөрі», «Ергенекон» сияқты батырлық жырларын үлгі тұтқан.

«Күлтегін» дастаны Күлтегін, Білге қаған сияқты батырлар бейнесін жасауға өзіндік ықпал-әсерін тигізеді. Әсіресе, батырдың мінген тұлшарын, асынған қару-жарағын, сүйген жарын, сағынған елін, туған жерін т.б. суреттеу бергін келе қалыптасқан Түркі қағанаты дәуіріндегі жазба әдебиеті үшін үлгі-өнеге болды.

Қорыта айтқанда, «Күлтегін» жырының ерлікті, елдікті мадақтау дәстүрлері қазақтың батырлық жырында өз жалғасын тапты.

Орхон жазба жәдігерінің ішінде «Тоныкөк» жыры ерекше орын алады. «Тоныкөк» жырының жазылу стилі, көркемдік тәсілдері, композициялық құрылымы, идеялық мазмұны жағынан «Күлтегін» жырымен ұқсас келеді. Әсіресе, композициялық құрылымы - топтамалар мен элементтердің атқаратын қызметі өте жақын. «Тоныкөк» дастанындағы басты қаһарман - қағанның кеңесшісі Тоныкөк.

Көк түркілер тұсында ғана емес, мұқым көпшенділердің ұзын-сонар тарихында егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалып, жауынгерлік жүрегімен, жалынды сөзімен елінің әрі батыры, әрі көсемі болған дала

даналары аз емес, алайда сол сұңғыла абыздардың арасында әлем тарихына өшпес атақ-даңқын қалдырған, ақыл-парасатына, қол-қайратына, көрегендігіне табындырып, ел-жұртының қасіреті мен қуанышың, ерлігі мен елдігін тасқа жыр ғып қаппап, мәңгілік мұра қалдырған Тоныкөктей тұлға жоқ.

«Тоныкөк» дастанында:

Білге Тоныкөк мен өзім, табғаш елінде тәрбиелендім.  
Түрік халқы (ол кезде) табғаштарға кіріштар еді [7, 46], -

деп өзін таныстырады.

Шығыс Түркістанда тұратын ғұлама қазақ ғалымы Нығмет Мыңжанұлы қытай жазбаларының түпнұсқасынан алған зерттеуі «Түрік және түрік қағандығы» атты еңбегінде: «Тоныкөк – Білге қағанның қайын атасы және әйгілі әскери маман. Ол кезінде 13 жыл Жунгонның қол астында тұрып, тәрбие алған. Ол осы ескерткішті 716 жылы өз қолымен жазған. Тоныкөк қайтыс болған соң, бұл ескерткіш оның моласының басына қойылады. XIII ғасырдың басында найман Таян ханның хатшысы болып, кейін Шыңғыс ханға тұтқынға түсіп, оларға ескі ұйғыр жазуын үйреткен. Тата - тұнға осы Тоныкөктың ұрпағы екен» [8, 118], - деп қызықты қисын келтіреді. Чин зерттеуші ғалым Т.Жұртбаев «Дулыға» әфсанасында да айғақтай түседі.

Тоныкөк зор ақыл иесі, сөз иесі, батыр қолбасшы болған. «Елтеріс қағанның ақылдылығынан, батырлығынан табғаштармен жиырма жеті рет соғысты. Құтоңдармен жеті рет соғысты. Оғыздармен бес рет соғысты. Сонда ақылгөйі де мен едім. Дем берушісі де мен едім. Елтеріс қаған үшін, түркі Бөгі қаған үшін, Қапаған қаған үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым. Күш-қуатымды аямадым. Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым» [8, 119], - деп шалқи толқуы да шындық.

«Тоныкөк» жырында жауынгерлердің ерліктері шебер суреттелген:

Әскері үш мың екен,  
Біз екі мың екенбіз.  
Соғыстық,  
Төңір жарылқады, жеңдік...[7, 49].

Көк түркіні көгертіп, ел бастаған, көкірегі халық үшін қыз-қыз қайнаған Тоныкөкке иісі көшпелі халық, мұқым түркі қауымы қарыздар.

Түрік қағанаты тарихында Тоныкөк ерекше орын алды. Тоныкөк қандай тектен тараған асылзада еді, ақылдың кенін, ерліктің көзін қайдан алды? Ол - Елтеріс қаған, Бөгі қаған, Қапаған қаған және Білге қағандарға кеңеспі болған ақылгөй. Күлтегін оғланның батагөйі болған Тоныкөктей ғұлама болмаса, шынында да, түркі жұрты ел болып, есін жиып, еркіндік

Қ.Мәмбетов. Түрік қағанаты дәуіріндегі қаһармандық дастандар...

алмас еді. Ол өз өмірін, арман-мұратын сынтастың өзегіне ойып жазып кетті. Тоныкөк жорықтың барлық жауапкершілігін өз мойнына алды. «Тоныкөк» жырында жорық туралы былай суреттелді:

...Соғыстық,  
Шаныштық,  
Ханын өлтірдік [50-57-б.], –

деп жазды Тоныкөк.

Тоныкөктің түпкі мақсаты қырғыз халқына емес, оның қағанына қаһарын төккен. Туыс елдерді бір-біріне айдап салған қағандарына қарсы шығады. Оның көздегені елді пабу емес, оларды бірлікке шақырып, басын біріктіру.

Тоныкөк тоқсан жасап, 727 жылы Білге қағанның тұсында төбе би боп, ата жауы табғаштардың түркілерге тағзым етіп, алым салық төлеу туралы жіберген елшісін қабылдап, төрелігін айтты. Елін ел етіп, қағанын қаған етіп, барша мұратына жетіп барып, асыл абыз бұл дүниеден армансыз өтті. Ол өзінің бағасын, тарихтағы орнын өзі тасқа қаппап жазып кетті.

Түрік Білге қағанның еліне  
(арнап) жаздырдым. Мен - Білге Тоныкөк [54-б.], -

деп еліне «Тоныкөк» жырын жазып, өсиет етіп қалдырды. «Тоныкөк» жырының негізгі арқауы бытырап кеткен түрік халықтарының басын біріктіру, кейінгі ұрпақты ерлікке, отан сүйгіштікке, бірлікке шақырады. Түркі халықтары әдебиетінің қалыптасуына да «Тоныкөк» батырлық жырының ықпалы мол.

Тоныкөк - ел қамын ойлаған ақылгөй дана қарт. Өзі туралы ол: «Ақыл иесі, сөз иесі мен болдым» [41-б.].

Қазақ тарихында «ақтабан шұбырынды» тұсындағы Абылайдың ақылгөйі Бұқар жырау ғана ұлы данагөй Тоныкөк абызды еске салады. Кемеңгер Тоныкөктің философиялық ой-шікірлері Бұқар жыраудың дидактикалық-пешендік толғауларымен астасып жатады. Тоныкөк түрік қағанатын сақтап қалу үшін, ең алдымен, елдің ішкі бірлігі қажет екенін пернелеп, астарлап, нақыл-өсиет айту арқылы жеткізеді.

Ол халқын құл еткен жұрттан кегін қайтарудан тайынбады. Білге қаған мен Күлгегін сияқты жас бөрілер Тоныкөктің туының астында алмас қылыштай жарқылдап тұрды.

Қапаған Тоныкөктің өзін апатарқан (бас қолбасшы) етіп сайлады. Білге апатарқан табғаштарға қарсы жорыққа аттанды.

«Тоныкөк» жырында:

Елтеріс қағанның ақылдылығынан, батырлығынан  
Табғаштармен жиырма жеті рет соғысты.

Құтаңдармен жеті рет соғысты.  
Оғыздармен бес рет соғысты.  
Сонда ақылгөйі мен едім  
Дем берушісі де мен едім [48-б.]

«Тоныкөк» дастанында ұлы Білгенің бар жорығы түгел қашалмаған. Тек ең негізгі, шешушілерін ғана жаздырған. Тоныкөктің көрегендігі мен ташқырлығының арқасында түркі қағаны саяси тәуелсіздікке қол жеткізіп, жауынгерлерін рухтандырды.

Тәңірі жарылқады!  
Бүкіл түрік халқына  
Қарулы жау келтірмедім,  
Атты әскер жолатпадым... [7, 55].

Елін ел етіп, қағанын қаған етіп, барша мұратына жетіп барып, асыл абыз бұл дүниеден армансыз өтті. «Халқымыз халық болды. Өзім қартайдым, ұлық болдым. Түрік Білге қағанның еліне (арнап) жаздырдым. Мен - Білге Тоныкөк!» [7, 56] - деп еліне өсиет етті.

Төрт қағанды қолынан өткізген Тоныкөк елу жыл бойы жорықта жүрген және ол қатыспаған бірде-бір шайқас, ол билік айтпаған бірде-бір құрылтай өтпеген. Көк түрік тарихының әр бетіне оның арда ақылы мен ересен ерлігі қашалап жазылғандықтан және Қапаған, Күлтегін, Білге қағандар туралы әфсаналарда айтылатын болғандықтан, Тоныкөк білге – түрік халықтары әдебиетінің басында тұрған тарихи тұлға.

Көркемдік дәрежесі мейлінше жоғары, шешендік сөздері мол, көріктеу құралдары айшықты болып келетін «Күлтегін» және «Тоныкөк» дастандарын жазған Иолпығтегін өзінен бұрынғы түрік поэзиясының көркемдік сөз дәстүрін жақсы меңгерген ақын. Ақын сақтар мен ғұндар дәуірінің батырлық дастандарын үлгі тұтқан. Екі дәуір арасындағы көркемдік ұқсастықтарды да аңғаруға болады. Ауыз әдебиетінде қолданылған көріктеу құралдары қанатты сөздер, мақал-мәтелдер Орхон-Енисей жазба деректерінде де ұшырасады.

Ежелден түрік жұртында қалыптасқан дәстүр бойынша жау қолынан қаза ташқан дарабоз батырлары қайтыс болғанда, аза тұтып, қасіретті жоқтау жырларын айту киелі саналып, ел қорғаудың қасиетті іс екені күллі қауымға жария етілген.

Тарихта ерлік дәуірі деп аталатын ғұндар заманының ауыз әдебиеті Күлтегін, Білге қаған сияқты батырлар бейнесін жасауға өзіндік ықпал-әсерін тигізді. Батырлардың мінген тұлшары, асынған қару-жарақтарын, көзсіз ерліктерін, сүйген жарларын, еліне, жеріне, халқына деген сүйіспеншілігін, табиғатын суреттеу қалыптасқан. Бұл сол дәуірдің жазба әдебиеті үшін де үлгі-өнеге болды.

## Қ.Мәмбетов. Түрік қағанаты дәуіріндегі қаһармандық дастандар...

Көне түрік дастандары мен өлең-жырларын зерттеген тюрколог ғылым И.В. Стеблева: «Көне түркі поэмалары - түрік халықтары әдебиеті дамуының тарихын айқын көрсететін ерекше құбылыс. Өйткені көне түрік өлеңдері мен қазіргі түрік тектес халықтардың өлең құрылысында пәлендей алшақтық жоқ. Көне дастандар мен батырлар жырының арасындағы байланыс «Алшамыстан» айқын көрінеді» [7, 64-65], – дейді.

Бір-бірімен дәстүрлік жалғастықта қалыптасып келе жатқан көне түрік әдеби ескерткіштерінің бүгінгі түрік тектес халықтардың ортақ қазынасы екендігін дәлелдейтін деректер мол.

«Күлтегін», «Тоныкөк» жырларының өзінен кейінгі кезеңдерде қазақ ауыз әдебиетінен туындаған батырлық жырлардың қалыптасуына қаншалықты терең әсер еткенін пайымдауға болады.

Қорыта айтқанда, көне түркілердің пынайы көне тарихы мен тасқа қашап жазылған дастандарды өзара салыстыра отырып, Күлтегін және Тоныкөк жәдігерліктері жылнама шежіресі емес, өзіне тән поэзиялық дәстүрмен жазылған қаһармандық туындылар деп толық айта аламыз.

Түркі халқының ерте дәуірден бізге жеткен қаһармандық дастандары мен жәдігерлеріміздің інжу-маржандары тәуелсіз еліміздің нығайып, дамуына игі ықпалын тигізері сөзсіз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
3. Қайырбеков Ә. Азаттық идеясын асқақтатқан жырлар. – Алматы: Ақиқат. 2003 - №7-69-70 бб.
4. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: 1986. - 230 б.
5. Гумилев Л.Н. Ежелгі түркілер. М: 1993 – 149 б.
6. Йоллығтегін. Күлтегін. // Ауд. М.Жолдасбеков. – Алматы: 1986. - 76 б.
7. Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. // Құр. Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыздықов - Алматы: Мектеп, 1967 – 204 б.
8. Жұртбаев Т. Дулыға. Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. – Алматы: Жалын, 1994 – 384 б.

### REZUME

#### K.MAMBETOV (Turkistan) THE HEROIC EPIC ERA OF TURKIC KHANATE - PEARL, COME DOWN FROM THE ANCESTORS OF THE ERA

The author in an article comparing istimuyuyu history of the ancient Turks and epos written on stones, came to the conclusion that the monuments and Kyultegin Tonyukok not chronicle this heroic work, written in a kind of poetic tradition. Also note the abundance of data showing that the ancient literary monuments are the common wealth of the modern Turkic peoples.